**Бекітемін:**
**Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы**
**Әдіскері:____________ Ж. Балгабаева**
**____________________ 2026 жыл**

Білім беру ұйымы: "Ақбөбек" балабақшасы
Топ: "Құлпынай" мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Педагогтың аты-жөні : Утегенова Г.Ж

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Наурыз айы 2026 жыл 1 апта**

**Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы.**
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 02.03.2026 ж** | **Сейсенбі 03.03.2026 ж** | **Сәрсенбі 04.03.2026 ж** | **Бейсенбі 05.03.2026ж** | **Жұма 06.03.2026 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Диалог барысында бір-бірін тыңдауға, кезекпен сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрнекілікпен жұмыс, ойын әдісі, мадақтау.<br>**Тапсырмалары:**<br>Көктем мезгілі туралы әңгіме құрастыру<br>*«Көктемді тап»* ойыны<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші жыл мезгілдерінің суреттерін көрсетеді. Балалар көктемге тән белгілерді атап, «Көктемде күн жылы болады», «Көктемде қар ериді» сияқты толық сөйлемдер құрастырады.<br>«Көктемде табиғат қалай өзгереді?» сұрағына жауап беру<br>*«Сұрақты жалғастыр»* ойыны<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші сөйлемнің басын айтады, балалар өз ойымен жалғастырып, жауап береді. Балалардың толық, анық сөйлеуіне көңіл бөлінеді.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Тігінен және көлденең | Жанрларды ажырату<br>*«Бұл қай жанр?»* ойыны<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші шығарманың атын айтады, балалар оның жанрын анықтайды. Сүйікті кейіпкері туралы айту<br>*«Менің кейіпкерім»* ойыны<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар өзіне ұнаған кейіпкерді таңдап, оның іс-әрекетін сипаттайды.Кейіпкерге баға беру<br>*«Мен қалай ойлаймын?»* ойыны<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар кейіпкердің жақсы қасиеттерін айтып, не үшін ұнағанын түсіндіреді.<br><br>**Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** Қысқа және ұзын сызықтар<br>**Міндеті:**<br>Қысқа және ұзын сызықтарды ажыратуға, арақашықтықты сақтауға үйрету.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>«Жаңбыр» – саусақ ұшымен үстелді тықылдату.<br>**Тапсырмалары:**Қысқа сызықтарды үлгі бойынша салу<br>*«Қысқа жол»* ойыны<br>Ұзын сызықтарды үзбей жүргізу<br>*«Ұзын жол»* ойыны Өз бетінше сызықтар салу *«Өзің сал»* ойыны | – Берілген үлгі бойынша нүктелерді қайталап салу<br>– Нүктелер арасындағы арақашықтықты сақтау<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Нүктелер мен тамшы тәрізді пішіндер<br>**Міндеті:**<br>Нүктелер мен тамшы тәрізді пішіндерді арақашықтықты сақтай отырып салуға үйрету.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>«Бес моншақ» – әр саусақты жеке-жеке қозғалту.<br>**Тапсырмалары:**<br>Нүктелерді ретімен қою<br>*«Жұлдызша қой»* ойыны<br>Тамшы пішіндерін салу<br>*«Тамшы тамды»* ойыныКөзбен қадағалап орындау<br>*«Қара да сал»* ойыны<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Допты бір қолмен қағып алу**<br>Допты жоғары лақтыру және бір қолмен (оң және сол) қағып алу дағдысын қалыптастыру. Қол күшін, координацияны дамыту.<br><br>**I. Кіріспе бөлім (7 минут)**<br>Сапқа тұру, сәлемдесу.<br>Сыртқы келбетін тексеру.<br>Жүру:<br>– Жай жүріс (1 мин)<br>– Қолды жоғары көтеріп жүру<br>– Аяқ ұшымен жүру<br>– Өкшемен жүру<br>Жеңіл жүгіру (1 мин).<br>Тыныс алу: 4 рет. | әдемі, әже, үміт, үлгілі, ұқыпты, гүл.<br>Балалар дыбысты ажыратып, сөзді анық қайталайды.<br>Сөйлем құрайды:<br>«Менің анам әдемі.»<br>«Анам ұқыпты.»<br>Тыныс алу жаттығуы: сөйлемді бір тыныспен айту.<br><br>**Сөздік қор**<br>Ойын: «Сөз тіркесін құрастыр»<br>Берілген сөздер: мейірімді, қамқор, еңбекқор, ақылды.<br>Балалар тіркес құрайды:<br>мейірімді ана<br>еңбекқор ана<br>Сөйлем айтады:<br>«Менің анам мейірімді.»<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Ойын: «Сөйлемді толықтыр»<br>Қысқа сөйлем: «Анам жақсы.»<br>Балалар кеңейтеді:<br>«Менің анам өте мейірімді және қамқор.»<br><br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын: «Неге жақсы көремін?»<br>Неге анаңды жақсы көресің?<br>Не үшін анаң саған көмектеседі?<br>Балалар 3–4 сөйлеммен жауап береді.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Жақсылық пен жамандық» (әңгіме)<br>**Міндеті:**<br>Әңгіменің мазмұнын түсінуге, оқиға желісін бірізді қабылдауға үйрету.<br>Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгімелеу, сұрақ-жауап, талдау, | сақтау<br>– Таяқшаларды бір қатарға орналастыру<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын: «Анамды таныстыр»<br>Әр бала анасының атын атап, 3–4 сөйлеммен таныстырады:<br>«Менің анамның аты – Айгүл. Ол мейірімді. Ол дәмді тамақ пісіреді.»<br>Дауыс ырғағын сақтап айту.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ойын: «І, Ғ, Қ дыбыстары»<br>Сөздер: ілтипат, ғажап, қамқор, қызмет, құшақ.<br>Балалар дыбысты анық айтады және сөйлем құрайды:<br>«Анам мені құшақтайды.»<br>«Мен анама ілтипат көрсетемін.»<br><br>**Сөздік қор**<br>Ойын: «Тақпақты жалғастыр»<br>Басталуы:<br>«Анашым менің ақ гүлім,»<br>Балалар 1–2 жол қосып жалғастырады.<br>Мәнерлеп айтуға жаттығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Отбасылық бюджет»<br>**Шарты:** Балаларға шартты табыс мөлшері беріледі. Олар ақшаны «тамақ», «киім», «ойыншық», «демалыс» бөлімдеріне бөліп, қайсысы маңызды екенін талқылайды.<br>**Қаржылық сауаттылық** | «Құқық пен міндет»<br>**Шарты:** Балаларға түрлі жағдаяттар ұсынылады. Олар қайсысы құқық, қайсысы міндет екенін ажыратады (мектепке бару – міндет, демалу – құқық).<br>**Құқықтық сауаттылық** | «Әділ шешім»<br>**Шарты:** Тәрбиеші даулы жағдай айтады (екі бала бір ойыншыққа таласты). Балалар әділ шешім ұсынады.<br>**Адалдық әліппесі** | «Кәсіп ашамыз»<br>**Шарты:** Балалар шағын топта өз «кәсібін» ойлап табады (наубайхана, шаштараз), атын қойып, қызметін таныстырады.<br>**Ерте кәсіптік бағдар беру**<br>**Сюжеттік рөлдік ойын** | Балаларға азық-түлік себеті беріледі. Олардың міндеті – тек қауіпсіз тағамдарды таңдап, себетке салу. Мұғалім балалардан себетке салынған әр тағам туралы сұрайды:"Бұл пайдалы ма?""Оны бәрі жей ала ма?""Егер біреу аллергиясы бар екенін айтса, не істеу керек?"**Қауіпсіздік ережелері** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда колды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>Көктем келді<br>**Міндеті:**<br>Балаларды көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, табиғаттағы өзгерістерді байқап, оларды сөзбен жеткізе білуге үйрету.<br>Сын есімдерді (жылы, жылырақ, жасыл, әдемі) қолдана отырып, | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Біз оқыған шығармалар»<br>**Міндеті:**<br>Өткен шығармаларды еске түсіру және мазмұнын қайталау.<br>Әдеби жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату дағдыларын бекіту.<br>Балалардың өз ойларын еркін айтуына мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгімелесу, ойын, қорытындылау, мадақтау.<br>**Тапсырмалары:** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Тор көзбен танысу. Нүктелер<br>**Міндеті:**<br>Балаларды дәптердің тор көзімен таныстыру, нүктелерді тор көздің ішіне дәл қоюға үйрету.<br>Көзбен мөлшерлеу, зейін қою дағдыларын дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, үлгі бойынша орындау, жеке жұмыс.<br>**Тапсырмалары:**<br>– Тор көздің ортасына нүкте қою | **Қазақ тілі Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын: «Жылы сөздер шеңбері»<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Жүрекше беріледі.<br>Жүрекшені алған бала анасына арнап жылы сөз айтады және дауыс ырғағын сақтайды:<br>«Анашым, сіз ең мейірімдісіз!»<br>«Менің анам қамқор!»<br>Интонацияны өзгертіп айтуға жаттығады (нәзік, қуанышты, мақтанышпен).<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ойын: «Дыбысты тыңда»<br>Ә, Ү, Ұ дыбыстары бар сөздер айтылады: | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Тік таяқшалар<br>**Міндеті:**<br>Тік бағыттағы таяқшаларды тор көз ішінде сызуға үйрету.<br>Жоғарыдан төменге қарай бағытталған қимылды меңгерту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Көрсету, практикалық жұмыс, бақылау.<br>**Тапсырмалары:**<br>– Тор көз бойымен тік таяқшалар сызу<br>– Бірдей ұзындықты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғарыдан бір-біріне дұрыс беру дағдысын қалыптастыру.<br><br>**I. Кіріспе бөлім (5 минут)**<br>Сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>Жай жүріс, аяқ ұшымен, өкшемен жүру.<br>Жеңіл жүгіру.<br>Тыныс алу жаттығулары.<br><br>**II. Жалпы дамытушы жаттығулар (10 минут)**<br>Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.<br>Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу.<br>Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып екі жаққа созу.<br>Алға еңкейіп, алақанды еденге тигізу.<br>Артқы жағынан қолды айқастырып көтеру.<br><br>**III. Негізгі қимыл**<br>Допты екі қолымен басынан асыра бір-біріне лақтыру (арақашықтық 1,5–2 метр).<br>Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.<br>Қауіпсіздік:<br>– Арақашықтық сақтау | – Жүгіруден кейінгі өзгеріс.<br><br>**VI. Қорытынды**<br>Тыныс алу.<br>Баяу жүру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу Құрастыру**<br>Құрастыру: қағаздан цилиндр ыдыс<br>– Сурет салу: ыдыс бетіне ою салу<br>– Мүсіндеу: сазбалшықтан ыдыс пішіні<br>– Жапсыру: моншақ, қағаз оюмен әшекейлеу | Тақырып: **Су мен ауа – денсаулық кепілі**<br>– Таза ауаның пайдасы<br>– Суды жеткілікті ішу<br><br>**VI. Қорытынды**<br>Баяу жүру.<br>Тыныс алу.<br>Мадақтау.<br><br>**Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** Наурыз – жыл басы<br>**Міндеті:**<br>Балаларды Наурыз мерекесінің мәнімен таныстыру, мереке туралы түсінігін кеңейту.<br>Диалогті өздігінен бастауға, сұрақ қойып, жауап беруге үйрету.<br>Сөйлеу барысында әдептілік сақтауға, мәдениетті сөйлесуге баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгімелеу, сұрақ-жауап, көрнекілік, ойын әдісі.<br>**Тапсырмалары:**<br>Наурыз мерекесі туралы әңгіме айту<br>*«Мерекені таны»* ойыны<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар Наурызға қатысты суреттерді қарап, мереке туралы 3–4 сөйлеммен әңгімелейді. «Наурызда не істейміз?» сұрағына жауап беру<br>*«Иә – жоқ»* ойыны<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші түрлі әрекеттерді атайды, балалар дұрыс болса «иә», дұрыс емес болса «жоқ» деп жауап береді. | Қысқа халық әні орындалады.<br>Алдымен сүйемелдеумен, кейін бір шумағын сүйемелдеусіз айту.<br>Әнді анық, мәнерлеп орындау.<br>Ойын: «Қайырманы кім бастайды?»<br>Бір топ бастайды, екінші топ жалғастырады.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Қазақ би элементтері:<br>– Қадам<br>– Қол өрнегі<br>– Бұрылу<br>– Иық қимылы<br>Музыка өзгергенде қимыл өзгерту.<br>Ойын: «Музыкаға сай қимыл»<br>Баяу – жай қимыл<br>Жылдам – шапшаң қимыл<br><br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Аспаптар таныстырылады: дауылпаз, асатаяқ, тұяқтас, қоңырау, бубен, барабан.<br>Әр аспапта ойнау тәсілі көрсетіледі:<br>– Дауылпаз – таяқшамен соғу<br>– Асатаяқ – сілку<br>– Тұяқтас – бір-біріне соғу<br>– Қоңырау – сілкіп дыбыс шығару<br>Ойын: «Қалай ойнаймыз?»<br>Аспап көрсетіледі – балалар ойнау тәсілін көрсетеді (дыбыссыз). | бақша бейнеленген суреттерді қарау<br>– Қай жерде қандай өсімдіктер өсетінін айту<br>– Әр ұғымға мысал келтіру<br><br>**МузыкаМузыка тыңдау**<br>Домбыра мен дауылпаз бірге орындалған қысқа әуен тыңдатылады (2–3 мин).<br>Балалар шығарманы соңына дейін тыңдайды.<br>Талдау сұрақтары:<br>– Қай аспап әуен орындады?<br>– Қай аспап ырғақ берді?<br>– Музыка қай жерде жылдамдады?<br>Музыка қайта қойылып, балалар қол шапалақпен негізгі соққыны белгілеуге тырысады.<br>**Ойын: «Әуен бе, ырғақ па?»**<br>Балалар екі топқа бөлінеді:<br>1-топ — «Әуен»<br>2-топ — «Ырғақ»<br>Музыка ойнағанда қай бөлікті қай топ көрсетуі керек екенін анықтайды (қимылмен).<br><br>**Ән айту**<br>Таныс халық әні орындалады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сызықтар<br>**Міндеті:**<br>Балаларды тігінен және көлденең сызықтарды жазуға үйрету.<br>Қаламды дұрыс ұстау, көзбен қадағалау арқылы жоғарыдан төменге, солдан оңға бағытта қимыл жасауға дағдыландыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, үлгі бойынша орындау, жеке жұмыс, ойын әдісі.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>«Саусақтар амандасады» – саусақтарды кезекпен бүгіп-жазу.<br>**Тапсырмалары:**Үлгі бойынша тігінен сызықтарды жүргізу *«Жол салайық»* ойыныКөлденең сызықтарды солдан оңға қарай сызу *«Көпір сал»* ойыныСызықтарды үзбей, біркелкі орындау *«Кім ұқыпты?»* ойыны<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Кеуде бұлшықеттерін дамыту. Допты жоғарыдан беру**<br>Кеуде бұлшықеттерін дамыту. Допты | **Дене тәрбиесі**<br>**Гимнастикалық қабырға жаттығулары**<br>Арқа, кеуде бұлшықеттерін күшейту. Дене қалпын түзету.<br><br>**I. Кіріспе бөлім (7 минут)**<br>Жүру, жүгіру, тыныс алу.<br><br>**II. Жалпы дамытушы жаттығулар (6–8 рет)**<br>1. Қолды жоғары көтеру – төмен түсіру.<br>2. Қолды екі жаққа созу.<br>3. Бұрылу.<br>4. Еңкею.<br>5. Орнында секіру.<br><br>**III. Негізгі қимыл (гимнастикалық қабырға)**<br>**1. Қабырғаға қарап тұрып, рейканы ұстап алға еңкею (6 рет).**<br>**2. Арқамен сүйеніп, рейкадан ұстап, аяқты кезек бүгу (6 рет).**<br>**3. Аяқты тік көтеру (6 рет).**<br>**4. Отырып алға еңкею (6 рет).**<br>**Әдістемелік нұсқау:**<br>Қол таймауы керек. Тізе түзу.<br><br>**IV. Қимылды тапсырма**<br>Допты қабырғаға лақтырып, екі қолмен қағып алу (6–8 рет).<br><br>**V. СӨС**<br>Тақырып: **Жүрек және оның қызметі**<br>– Жүрек соғысын сезіну. | **II. Жалпы дамытушы жаттығулар (әрқайсысы 6–8 рет)**<br>1□□ Қолды алға созып, саусақты ашу-жұму.<br>2□□ Қол білектерін айналдыру.<br>3□□ Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу.<br>4□□ Қол желкеде – кеудені жазу.<br>5□□ Алға еңкею, алақанды еденге тигізу.<br>6□□ Артқы жағынан қолды айқастырып көтеру.<br>**Әдістемелік нұсқау:**<br>Арқа тік, қозғалыс баяу әрі бақылаумен.<br><br>**III. Негізгі қимыл (12–15 минут)**<br>**1. Допты жоғары лақтыру және екі қолмен қағып алу**<br>– 6 рет.<br>**2. Допты жоғары лақтыру және оң қолмен қағып алу**<br>– 6 рет.<br>**3. Сол қолмен қағып алу**<br>– 6 рет.<br>**4. Допты жіп үстінен лақтыру және бір қолмен қағып алу**<br>– 4–6 рет.<br>**Әдістемелік нұсқау:**<br>Лақтыру кезінде қол толық жазылады.<br>Қағып алу кезінде саусақтар ашық.<br><br>**IV. Қимылды тапсырма**<br>«Қолды ауыстыр» ойыны<br>Педагог белгі береді — балалар қай қолмен қағып алатынын тез ауыстырады.<br><br>**V. Салауатты өмір салты (5 минут)** | ойын.<br>**Тапсырмалары:**<br>Әңгімені тыңдау *«Тыңдап отырмын»* ойыны<br>Кейіпкерлерге баға беру<br>*«Жақсы ма, жаман ба?»* ойыны<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар кейіпкердің іс-әрекетін талдап, неге жақсы немесе жаман екенін айтады.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Көлбеу таяқшалар<br>**Міндеті:**<br>Көлбеу бағыттағы таяқшаларды дұрыс орналастыруға үйрету.<br>Қол мен көздің үйлесімді жұмысын дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, жеке жұмыс.<br>**Тапсырмалары:**<br>– Оңға және солға көлбеу таяқшалар сызу<br>– Үлгі бойынша қайталау<br>– Тор көз шекарасынан шықпау<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Домбыра мен сыбызғыда орындалған қысқа әуен тыңдатылады.<br>Балалар шығарманы соңына дейін тыңдайды.<br>Сұрақтар:<br>– Қандай аспап естідіңдер?<br>– Үні қандай? (жұмсақ, сыңғырлаған, терең)<br>Ойын: «Аспапты тап»<br>Үш аспаптың суреті беріледі (домбыра, сыбызғы, дауылпаз).<br>Дыбыс қойылады — балалар дұрыс аспапты көрсетеді.<br><br>**Ән айту** | **Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Ойын: «Қандай? Не істейді?»<br>мейірімді ана көмектеседі<br>қамқор ана еркелетеді<br>еңбеккор ана жұмыс істейді<br>Жай және жайылма сөйлем айту.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын: «Анама хат»<br>Балалар ауызша шағын хат айтады:<br>«Анашым, мен сізді жақсы көремін. Сіз маған қамқор боласыз. Мен сізге көмектесемін.»<br>4–5 сөйлеммен жүйелі сөйлеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Орман, шалғын, бақша<br>**Міндеті:**<br>«Орман», «шалғын», «бақша» ұғымдарымен таныстыру.<br>Әр ортада өсетін өсімдіктердің ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, әңгімелесу, суретпен жұмыс.<br>**Тапсырмалары:**<br>– Орман, шалғын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Өсімдіктердің суреттерін қарап, атауларын айту<br>– Ағаш пен гүлдің айырмашылығын салыстыру<br>– «Біздің аулада қандай өсімдіктер бар?» тақырыбында әңгіме | | | | **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Аспаптар бөлінеді:<br>– Дауылпаз<br>– Асатаяқ<br>– Металлофон<br>– Қоңырау<br>– Барабан<br>Ырғақ үлгісі көрсетіледі (4 соққыдан тұратын).<br>Балалар кезекпен қайталайды.<br>**Ойын: «Оркестр құрайық»**<br>1. Дауылпаз – негізгі соққы<br>2. Асатаяқ – әр екінші соққы<br>3. Металлофон – ұзақ дыбыс<br>4. Қоңырау – тек қайырмада<br>Бір бала дирижер болады.<br>Қолын көтерсе – бастайды.<br>Қолын айналдырса – күшейтеді.<br>Қолын тоқтатса – бәрі тоқтайды.<br>Балалар бір уақытта бастап, бір уақытта аяқтауға үйренеді |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | – Бір-бірінің алдына шықлау<br><br>**IV. Қимылды тапсырма**<br>Допты жіптің үстінен лақтыру және қағып алу.<br><br>**V. Салауатты өмір салты элементі (3 минут)**<br>Әңгіме:<br>«Дұрыс тамақтану дегеніміз не?»<br>Пайдалы тағамдар туралы талқылау.<br><br>**VI. Қорытынды**<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>Мадақтау<br><br>**Қоршаған алеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Туған өлкенің өсімдіктері<br>**Міндеті:**<br>Балаларды туған өлкенің өсімдіктерімен таныстыру, ағаштар, бұталар, гүлдер, шөптесін өсімдіктерді ажырата білуге үйрету.<br>Өсімдіктердің атауларын дұрыс айтуға, оларды салыстырып сипаттауға баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгімелесу, бақылау, көрнекілікпен жұмыс, сұрақ-жауап.<br>**Тапсырмалары:** | | | | 1. Сүйемелдеумен толық орындау<br>2. Қайырмасын сүйемелдеусіз айту<br>3. Соңғы буынды созып айту<br>Балалар тынысты дұрыс алып, фразаны толық жеткізуге үйренеді.<br>**Ойын: «Дауыс биіктігін сақта»**<br>Мұғалім (жетекші) қолын жоғары көтерсе — дыбыс сәл көтеріңкі,<br>төмен түсірсе — жұмсақ айту.<br>Балалар дауыс күшін бақылап орындайды.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Қазақ би элементтерінен комбинация:<br>– 2 қадам<br>– Қолды ашу<br>– Жеңіл айналу<br>– Иық қозғалысы<br>Музыка жылдамдағанда қимылда шапшаңдатылады.<br>**Ойын: «Қимыл тізбегі»**<br>Балаларға 4 қимыл ретімен беріледі.<br>Музыка қосылғанда сол ретпен орындау керек.<br>Қателеспеген топ «шебер биші» атанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексаздан бәйшешек мүсінін жасату, суретін салғызу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өз бетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойдан құрастыруға баулу **(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Терезеге қарап, көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы жеке әңгімелер | Ізгі сөздер мен мақалдарды балалармен жеке жұмыс жасау арқылы жаттату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу. **(Шығармашылық іс-әрекет)** | Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша әңгіме айтуын жетілдіру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Көктем мезгілі туралы қалауы бойынша сурет салғызу, мүсін жасату немесе қағаздан қиып жапсыруына ерік беру. **(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Өз өзіне көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату. **(еңбек іс-әрекеті)** | Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру.<br>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.<br>**(бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>«Гүлдер таласы» ертегісін үстел үсті театры арқылы балалардың бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Вариативтік компонент**<br>"Хореография" | «Көктемнің белгілері» тақырыбында композиция жасату. **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізу.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | Маман жоспарымен | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Алихан мен жұмыс шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеуге талпындыру | Рахымжан мен жұмыс ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізе алуға көмектесу | Арлан мен жұмыс .қайшы мен желімді дұрыс қолдана алуды баулу | Алина мен жұмыс әртүрлі пішіндегі заттарды қиюды талпындыру | Әбілхайыр мен жұмыс геометриялық пішіндерді ажыратып, атауды үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Жылғалардан өт»<br>**Шарты:** Жерге сызықтар сызылады. Балалар сызықты баспай, секіріп өтеді. | «Көктемгі жел»<br>**Шарты:** Балалар жеңіл жүгіріп жүреді. «Жел күшейді!» дегенде бағыттарын тез өзгертеді. | «Тамшылар жарысы»<br>**Шарты:** Екі топқа бөлініп, белгіге дейін жүгіріп барып, кері қайтады (жаңбыр тамшысындай). | «Көктемгі жел»<br>**Шарты:** Балалар жеңіл жүгіріп жүреді. «Жел күшейді!» дегенде бағыттарын тез өзгертеді. | «Жылғалардан өт»<br>**Шарты:** Жерге сызықтар сызылады. Балалар сызықты баспай, секіріп өтеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |